

КӨРУ ҚАБІЛЕТІ ЗАҚЫМДАЛҒАН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ

Көшерова Нүргүл Сансызбайқызы

nurgulkusherova@gmail.com

7M01101 – Педагогика және психология білім бағдарламасының ІІ курс магистранты
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, қауымдастырылған профессор, п.ғ.к. – Шугаева Г.К.

Аңдатпа. Мақалада көру қабілеті зақымдалған жасөспірімдердің ақпараттық мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық негіздері қарастырылады. Ақпараттық қоғам жағдайында ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың ақпараттық сауаттылығын дамыту өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Зерттеуде ақпараттық мәдениетті қалыптастыруға ықпал ететін факторлар, тиімді әдістер мен технологиялар талданады. Сонымен қатар, оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық қолдау көрсету жолдары ұсынылады.

Түйін сөздер: ақпараттық мәдениет, көру қабілеті бұзылған жасөспірімдер, инклюзивті білім беру, педагогикалық қолдау, цифрлық технологиялар.

Қазіргі кезеңде білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі - тұлғаның ақпараттық мәдениетін қалыптастыру. Ақпараттық қоғамның дамуы әрбір адамның ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін талап етеді. Бұл талап көру қабілеті зақымдалған жасөспірімдер үшін ерекше маңызға ие.

Көру қабілеті бұзылған оқушылардың ақпаратты қабылдау мүмкіндіктері шектеулі болғандықтан, олардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру арнайы педагогикалық және психологиялық тәсілдерді қажет етеді. Сондықтан бұл мәселені кешенді түрде қарастыру өзекті болып табылады.

Көру қабілеті бұзылған балалар – ерекше білім беру қажеттіліктері бар, тәрбиелеу және оқыту үдерісінде арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауды және арнайы жағдайларды ұйымдастыруды қажет ететін балалар санатына жатады. Өкінішке қарай, көру қабілеті бұзылған балалардың саны жыл сайын артып келеді. Балалардағы көру қабілетінің бұзылуы қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі болып табылады, себебі бала алатын ақпараттың шамамен 80%-ы көру анализаторы арқылы қабылданады.

Ал, педагогикалық-психологиялық сүйемелдеу деп – бұл білім алушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оның даму әлеуетін ашуға бағытталған кешенді жүйе. Бұл жүйе педагогтар, психологтар, тифлопедагогтар және ата-аналардың бірлескен әрекеті арқылы жүзеге асырылады.

Ендеше, көру қабілеті зақымдалған жасөспірімдерді сүйемелдеудің басты мақсаты – олардың танымдық белсенділігін арттыру, психологиялық тұрақтылығын қалыптастыру және ақпараттық-коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту.

Көру қабілеті бұзылған мектепке дейінгі жастағы балалардың психологиялық ерекшеліктерін қарастыра отырып, бұл жаста жиі кездесетін көру бұзылыстарына амблиопия мен қылилық жататынын атап өткен жөн.

Амблиопия – мидың көру қызметінің үйлесімсіз жұмысы нәтижесінде бір көздің көруінің төмендеуімен сипатталатын бұзылыс. Бұл жағдай екі көзде де кездесуі мүмкін, алайда көбінесе бір көзде байқалады. Ми жақсы көретін көзді белсендірек қолданады, соның нәтижесінде екінші көздің қызметі әлсірейді немесе толық дамымайды. Көздің ауытқуы сыртқа, ішке, жоғары немесе төмен бағытта болуы мүмкін. Қылилық өз кезегінде соматикалық сипаттағы бұзылыс болып табылады және бір көздің (оң немесе сол) ортақ бекіту нүктесінен ауытқуы салдарынан бинокулярлық көрудің бұзылуына әкеледі.

Тифлопедагогикада көру қабілетінің бұзылу дәрежесіне қарай балалар бірнеше топқа бөлінеді: соқыр, толық (абсолютті) соқыр, жартылай соқыр және нашар көретін балалар. Соқыр балаларға көру қабілеті мүлде жоқ немесе өте төмен деңгейде дамыған балалар жатады, яғни оларда көру арқылы қабылдау болмайды. Жартылай соқыр балалардың көру өткірлігі 0,005–0,04 аралығында болады. Ал нашар көретін балаларда бұл көрсеткіш 0,05–0,2 аралығында ауытқиды [1].

Көру қабілеті бұзылған балалардың мінез-құлқы әдетте икемсіз, вербалды емес қарым-қатынас түрлері жеткіліксіз дамыған немесе мүлдем қалыптаспаған. Оларға стереотиптілік, сөз бен нақты зат немесе құбылыс бейнесі арасындағы байланысты баяу қалыптастыру, қиял белсенділігінің тежелуі, жаңа жағдайларда сөздер мен ұғымдарды қолдануда қиындықтардың болуы тән. Сонымен қатар, көру қабілеті бұзылған балалар жоғары эмоционалдық сезімталдықпен, қақтығысқа бейімділікпен, ішкі шиеленіспен, қарым-қатынас серіктесінің эмоционалдық жағдайын түсінудің қиындығымен және өз эмоциясын адекватты түрде жеткізе алмаумен сипатталады.

Олай болса, ғылыми еңбектерге сүйене отырып, көру қабілеті бұзылған жасөспірімдердің психологиялық дамуында келесі ерекшеліктер байқалады:

- өзіне деген сенімсіздік;
- эмоционалдық тұрақсыздық;
- қарым-қатынас жасауда қиындықтар;
- әлеуметтік оқшаулану қаупі.

Изденуші А.Г. Литвактың еңбегінде, соқыр және нашар көретін балалардың психикалық дамуының ерекшеліктерін былай сипаттайды: әртүрлі психикалық үдерістердің (мысалы, түйсіну, қабылдау, елестету) соматикалық ақаудың тереңдігіне, яғни көру бұзылысының ерекшеліктеріне тәуелділігі; түстерді қабылдаудың өзіндік сипаты; сондай-ақ қабылдау жылдамдығының соқыр және нашар көретін балаларда даму деңгейіне байланысты өзгеруі. Сонымен қатар, қабылдау ерекшеліктері патологияның сипатына және көру қабілетінің бұзылуының белгілі бір психикалық күйлер мен үдерістерге ықпалына тәуелді болады [2].

Көру қабілетінің бұзылуы мектепке дейінгі жастағы балалардың ойлау қабілетінің дамуына да әсер етеді. В.П. Ермаков пен Г.А. Якуниннің пікірінше, көру қабілеті бұзылған мектепке дейінгі балалардың ойлауын қалыптастыру олардың дамуының, әсіресе, көру анализаторында әртүрлі патологиялары бар балалардың психикалық ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастырылған мектепке дейінгі білім беру жүйесіне тәуелді екенін көрсетеді. Көру анализаторы қызметінің бұзылуы балалардың танымдық әрекетінде қиындықтар туындатып, оның мүмкіндіктерін шектейді. Соның салдарынан бұл санаттағы балалар қалыпты көретін құрдастарына қарағанда қоршаған орта туралы ақпаратты сандық және сапалық жағынан жеткіліксіз алады. Көру қабілетінің бұзылуын сенсорлық депривация ретінде қарастыруға болады, бұл өз кезегінде баланың белсенділігінің төмендеуіне әкеліп, оның даму қарқынына кері әсерін тигізеді [3].

Олай болса, ғылыми еңбектерге сүйене отырып, көру қабілеті бұзылған жасөспірімдердің психологиялық дамуында келесі ерекшеліктер байқалады:

- өзіне деген сенімсіздік;
- эмоционалдық тұрақсыздық;
- қарым-қатынас жасауда қиындықтар;
- әлеуметтік оқшаулану қаупі.

Осыған байланысты, көру қабілеті бұзылған балаларды оқыту мен тәрбиелеу арнайы мақсаттар мен қағидаттарға негізделуі тиіс. Бұл үдеріс бұзылған функцияларды қалпына келтіруге, түзетуге және компенсациялауға, оқытуды дараландыруға, сондай-ақ оларды қазіргі қоғам жағдайында өмір сүруге даярлауға бағытталуы қажет.

Көру қабілеті бұзылған балаларды оқыту мен тәрбиелеудің ерекшелігі олардың даму деңгейін міндетті түрде ескеруді, сақталған мүмкіндіктеріне сүйенуді, арнайы әдістерді қолдануды, оқу материалын саралауды және арнайы оқу құралдарын пайдалануды талап етеді.

Көру қабілеті бұзылған балалармен жұмыстың басты мақсаты – олардың танымдық белсенділігін арттыру. Бұл тек баланың жалпы дамуының маңызды шарты ғана емес, сонымен қатар оның тұлғалық жетілуін қалыптастырудың негізгі жолдарының бірі болып табылады.

Көру қабілеті болмаған жағдайда балалардың дамуында елеулі ерекшеліктер байқалады, бұл оларды қалыпты көретін балалардың дамуынан ажыратады. Осыған байланысты соқыр және нашар көретін мектепке дейінгі жастағы балалардың дамуында үш негізгі ерекшелікті бөліп көрсетуге болады.

Бірінші ерекшелік – соқыр баланың дамуының жалпы тежелуі, яғни оның дамуы қалыпты көретін балаға қарағанда баяу жүреді. Бұл қоршаған ортаны танудағы белсенділіктің төмендігімен байланысты. Аталған жағдай баланың физикалық та, психикалық та дамуында көрініс табады.

Екінші ерекшелік – көру қабілетінің болмауына байланысты баланың сыртқы ортадан алатын елестері толық емес, үзік-үзік сипатта болады. Соның нәтижесінде баланың дамуы баяу қарқынмен жүзеге асады.

Үшінші ерекшелік – соқыр немесе нашар көретін баланың дамуының біркелкі болмауы. Мұндай балалардың даму кезеңдері қалыпты көретін балалардың даму кезеңдерімен сәйкес келмейді және уақыт жағынан ұзаққа созылады. Бұл ерекшелік олардың қоршаған ортаны танудың өзіндік тәсілдерін қалыптастыру қажеттілігімен түсіндіріледі, ал бұл тәсілдер қалыпты көретін балаларға тән емес [4].

Көру қабілеті бұзылған балаларды тәрбиелеу мен оқыту арнайы мамандарды – тифлопедагогтарды талап етеді, оларға ерекше кәсіби талаптар қойылады. Бұл ретте көру патологиясы бар балалардың тұлғалық дамуының ерекшеліктерін, көру жеткіліксіздігі жағдайындағы психикалық дамудың заңдылықтарын, әлеуметтік бейімделген мінез-құлықты қалыптастырудың түзету-өтемдік көздері мен факторларын, сондай-ақ медициналық және психологиялық-педагогикалық көмекті оңтайландыру мүмкіндіктерін ескеру қажет.

Қазіргі тифлопедагогика дамуындағы кемшіліктер мен ауытқулардың алдын алу және оларды еңсеру жолдарын, бұзылған функциялардың өтемдік механизмдері мен шарттарын, көру қабілеті терең бұзылған әртүрлі жастағы тұлғаларды саралап оқытудың формалары, мазмұны мен әдістерін ғылыми тұрғыда негіздейді. Мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу барысында олардың жан-жақты дамуы, психикалық және физикалық кемшіліктерін түзету, сондай-ақ мектепте оқуға даярлау жүзеге асырылады [5].

Осыған байланысты психологиялық сүйемелдеу келесі бағыттарды қамтиды:

- тұлғаның өзін-өзі бағалауын қалыптастыру;
- эмоционалдық қолдау көрсету;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- күйзеліс пен мазасыздықты төмендету.

Психологтың жұмысы жасөспірімнің ішкі ресурстарын ашуға және оның әлеуметтік ортаға бейімделуіне бағытталуы тиіс.

Ал, педагогикалық сүйемелдеу оқу процесін бейімдеуді және тиімді әдістерді қолдануды талап етеді. Оның негізгі бағыттары:

- оқу материалын бейімдеу (ірі шрифт, аудио формат, тактильді құралдар);
- оқытудың жеке траекториясын құру;
- арнайы оқыту әдістерін қолдану;
- цифрлық технологияларды енгізу.

Көру қабілеті зақымдалған жасөспірімдерді педагогикалық-психологиялық сүйемелдеу

– кешенді, жүйелі және үздіксіз процесс екендігін дәлел. Ол оқушының жеке ерекшеліктерін ескеруді, арнайы әдістер мен технологияларды қолдануды, сондай-ақ әлеуметтік қолдауды талап етеді. Тиімді ұйымдастырылған сүйемелдеу нәтижесінде жасөспірімдердің танымдық белсенділігі артып, олардың әлеуметтік бейімделуі жақсарады және тұлғалық дамуы қамтамасыз етіледі.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Иванова Д.В. Современные аспекты психолого-педагогической характеристики детей с нарушениями зрения // Вестник магистратуры. -№ 1-1 (136) – 2023 – С.149-151

2. Вопросы обучения и воспитания слепых и слабовидящих: Сб. Под ред. А.Г. Литвака. - Л., - 1981. - 122 с.

3. Борисова Ю.М., Колоколова Т.А. Шаг на встречу / Социализация ребенка. Психологические и педагогические проблемы. - СПб.,- 1999. - 120 с.

4. Выготский Л.С. Основы дефектологии. - СПб.: Лань, 2003. - 654 с. - (Учебники для вузов. Специальная литература).

5. Ермаков В.П. Основы тифлопедагогики: Развитие, обучение и воспитание детей с нарушениями зрения / В.П. Ермаков, Г.А. Якунин. – М.: Владос, - 2000. – 240с.